

Қазақстан Республикасы экология және  
табиғи ресурстар министрлігі



«Қазгидромет» РМК

**2025 ж. «14-16» маусым күніне арналған**

**Қазақстан Республикасының таулы аймақтары бойынша жауын-шашындық генезисі  
бар сел қаупінің күнделікті бюллетені №29**

**(Бюллетеньнің қолданылу мерзімі: 2025 жылғы 13 маусым сағат 20:00-ден 16 маусым сағат 20:00-ге дейін)**

***құрастырылған күні: 13.06.2025 ж.***

Мекен жайы: Алматы қ., Абай көшесі, 32  
Астана қ., Мәңгілік ел,

Сел үдерістерін зерттеу және  
селді болжау басқармасының  
басшысы:

Яфязова Р.

тел.: 8(727) 267-53-38

e-mail: seli@meteo.kz

Кезекші синоптик:

Тойшыманова А.

тел.: 8(7172) 79-83-75

e-mail: ukpp@meteo.kz

**2025 жылғы «14-16» маусымға**

**Қазақстан Республикасының аумағы бойынша жаңбыр генезисті сел қауіптілігі туралы Кеңес беру**

| Облыстар  | Сел қауіп бар аудандар | Гидрометеорологиялық жағдай                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                |
|-----------|------------------------|--------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|
| Алматы    | Іле Алатауы            | Қар жамылғысы 4000 метрге жуық және одан жоғары биіктіктерде сақталуда. Нөлдік изотерма таңғы сағат 5-те 4353 м биіктікте болды. Ауа температурасының жоғарылауы жалғасуда, орташа тәуліктік ауа температурасы 0,8 °С өсті, орташа түнгі ауа температурасы өзгерген жоқ. Мұздықтардың орташа тәуліктік еруі сәл өзгерді. <b>14 маусымда</b> кей жерлерде өткінші жаңбыр (1-14 мм), найзағай. Жаңбыр генезисті сел қауіптілігі жоқ. <b>15-16 маусымда</b> өткінші жаңбыр (1-5 мм), найзағай. Жаңбыр генезисті сел қауіптілігі жоқ.          |
|           | Күнгей Алатауы         | Қар дақтары жатыр. Ауа температурасының жоғарылауы жалғасуда, орташа тәуліктік ауа температурасы 1,5 °С өсті, орташа түнгі ауа температурасы 0,9 °С өсті. Мұздықтардың орташа тәуліктік еруі сәл өзгерді. <b>14 маусымда</b> кей жерлерде өткінші жаңбыр (1-14 мм), найзағай. Жаңбыр генезисті сел қауіптілігі жоқ. <b>15-16 маусымда</b> өткінші жаңбыр (1-5 мм), найзағай. Жаңбыр генезисті сел қауіптілігі жоқ.                                                                                                                         |
|           | Теріскей Алатау        | Қар дақтары жатыр. Ауа температурасы сәл ғана төмендеді, орташа тәуліктік 0,4 °С, ал орташа түнгі ауа температурасы 0,8 °С. <b>14 маусымда</b> кей жерлерде өткінші жаңбыр (1-14 мм), найзағай. Жаңбыр генезисті сел қауіптілігі жоқ. <b>15-16 маусымда</b> өткінші жаңбыр (1-5 мм), найзағай. Жаңбыр генезисті сел қауіптілігі жоқ.                                                                                                                                                                                                       |
| Жетісу    | Жетісу Алатауы         | Жетісу Алатауының батыс бөлігінде қар жамылғысы 3000 метрден жоғары, солтүстік бөлігінде, солтүстік-шығысында, ал оңтүстік бөлігінде – 3500 метрден жоғары деңгейлерде байқалады. Ауа температурасының жоғарылауы жалғасуда, орташа тәуліктік ауа температурасы 0,2-2 °С, орташа түнгі ауа температурасы 0,3-1,5 °С. Мұздықтардың еруі артады. <b>14 маусымда</b> өткінші жаңбыр (1-10 мм), найзағай. Жаңбыр генезисті сел қауіптілігі жоқ. <b>15-16 маусымда</b> өткінші жаңбыр (1-5 мм), найзағай. Жаңбыр генезисті сел қауіптілігі жоқ. |
| Жамбыл    | Қырғыз Алатауы         | Қар жамылғысы 3500 м-ден жоғары биіктіктерде сақталуда. Ауа температурасының жоғарылауы жалғасуда, орташа тәуліктік ауа температурасы мен орташа түнгі ауа температурасы 1,5 °С өсті. Мұздықтардың еруі артады. <b>14 маусымда</b> кей жерлерде өткінші жаңбыр (1-5 мм), найзағай. Жаңбыр генезисті сел қауіптілігі жоқ. <b>15-16 маусымда</b> өткінші жаңбыр (1-2 мм), найзағай. Жаңбыр генезисті сел қауіптілігі жоқ.                                                                                                                    |
|           | Талас Алатауы          |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                            |
| Түркістан | Талас Алатауы          | Қар жамылғысы 3500 м-ден жоғары биіктіктерде сақталуда. Ауа температурасының жоғарылауы жалғасуда, орташа тәуліктік ауа температурасы 0,8 °С өсті. Мұздықтардың еруі артады. <b>14 маусымда</b> өткінші жаңбыр (1-4 мм), найзағай. Жаңбыр генезисті сел қауіптілігі жоқ. <b>15-16 маусымда</b> күндіз өткінші жаңбыр (1-3 мм), найзағай. Жаңбыр генезисті сел қауіптілігі жоқ.                                                                                                                                                             |

|                 |                    |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                          |
|-----------------|--------------------|----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|
|                 | Өгем жотасы        | Қар жамылғысы 3500 м-ден жоғары биіктіктерде сақталуда. Ауа температурасының жоғарылауы жалғасуда, орташа тәуліктік ауа температурасы 0,8 °С өсті. Мұздықтардың еруі артады. <b>14 маусымда</b> күндіз өткінші жаңбыр (1-4 мм), найзағай. Жаңбыр генезисті сел қауіптілігі жоқ. <b>15-16 маусымда</b> күндіз өткінші жаңбыр (1-3 мм), найзағай. Жаңбыр генезисті сел қауіптілігі жоқ.                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                    |
| Маңғыстау       | Маңғыстау таулары  | <b>14 маусымда</b> жауын-шашынсыз. Жаңбыр генезисті сел қауіптілігі жоқ. <b>15 маусымда</b> күндіз өткінші жаңбыр (1-3 мм), найзағай. Жаңбыр генезисті сел қауіптілігі жоқ. <b>16 маусымда</b> өткінші жаңбыр (1-3 мм), найзағай. Жаңбыр генезисті сел қауіптілігі жоқ.                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                  |
| Абай            | Тарбағатай         | Орташа тәуліктік пен түнгі ауа температуралары өзгермеді. <b>14 маусымда</b> күндіз кей жерлерде өткінші жаңбыр (1-7 мм), найзағай, бұршақ. Жаңбыр генезисті сел қауіптілігі жоқ. <b>15-16 маусымда</b> өткінші жаңбыр (1-10 мм), найзағай, күндіз бұршақ. Жаңбыр генезисті сел қауіптілігі жоқ.                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                         |
| Шығыс Қазақстан | Сауыр              | Ауа температурасының жоғарылауы жалғасуда, орташа тәуліктік ауа температурасы 2,3 °С, орташа түнгі 1 °С өсті. <b>14 маусымда</b> жауын-шашынсыз. Жаңбыр генезисті сел қауіптілігі жоқ. <b>15 маусымда</b> өткінші жаңбыр (1-10 мм), найзағай. Жаңбыр генезисті сел қауіптілігі жоқ. <b>16 маусымда</b> жаңбыр, кей уақыттарда қатты жаңбыр (1-16 мм), найзағай, күндіз бұршақ. <b>Сауыр тауында қарқынды ұзақ жауын-шашын түскенде сел түзілуі мүмкін. Сел қауіптілігі бар аймақта тәртіп ережелерін сақтаңыз.</b>                                                                                                                                                                                                                                                                                       |
|                 | Қазақстандық Алтай | Қар жамылғысы 2500 м-ге жуық және одан жоғары биіктіктерде сақталуда. Ауа температурасы көтеріледі. Қазақстандық Алтайдың солтүстік-батыс және оңтүстік-шығыс бөліктерінде ауаның орташа тәуліктік температурасы 0,8 °С, түнгі орташа температурасы тиісінше 1,5-2,3 °С көтерілді. Қар жамылғысы мен мұздықтардың еруі артып келеді. <b>14 маусымда</b> күндіз кей жерлерде өткінші жаңбыр (1-7 мм), найзағай, бұршақ. Жаңбыр генезисті сел қауіптілігі жоқ. <b>15 маусымда</b> өткінші жаңбыр (1-10 мм), найзағай. Жаңбыр генезисті сел қауіптілігі жоқ. <b>16 маусымда</b> жаңбыр, кей уақыттарда қатты жаңбыр (1-16 мм), найзағай, күндіз бұршақ. <b>Қазақстанның Алтай тауларында қарқынды ұзақ жауын-шашын түскенде сел түзілуі мүмкін. Сел қауіптілігі бар аймақта тәртіп ережелерін сақтаңыз.</b> |

Жаңбыр генезисті сел қауіптілігінің деңгейі (1 Қосымша)

!!! Ескерту: Сел қауіпті ауданда тәртіп ережесін сақтаңыз (2 Қосымша)

## Жаңбыр генезисті сел қауіптілігінің деңгейі

| Сел қауіптілігінің деңгейлері                                                       | Сел қауіптілігінің деңгейін анықтайтын факторлар                                                                                                                                                                           | Селдің қалыптасу ықтималдығы                                                                                                         | Қауіптілік дәрежесі                                                            | Қорғау шаралары                                                                                                              |
|-------------------------------------------------------------------------------------|----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|--------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|--------------------------------------------------------------------------------|------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|
|    | Маусымдық қар сызығы жайғасуының, ауа температурасының, топырақ ылғалдылығының жоғары мәндері; болжамды сұйық жауын-шашын мөлшері $\geq 30$ мм (өте қатты жаңбыр) және нақты жауған сұйық жауын-шашын мөлшері $\geq 40$ мм | Сұйық жауын-шашынның өте қатты жауу ықтималдығы және ұзаққа созылатын сел түзуші қарқынды жауын-шашынның нақты жаууы ( $\geq 40$ мм) | Халық пен шаруашылық нысандары үшін үлкен қауіп                                | Мемлекеттік басқару органдары мен халықты хабардар ету.                                                                      |
|    | Маусымдық қар сызығы жайғасуының, ауа температурасының, топырақ ылғалдылығының жоғары мәндері; болжамды сұйық жауын-шашын мөлшері 15-29 мм (қатты жаңбыр)                                                                  | Ұзаққа созылатын сел түзуші қарқынды жауын-шашынның ( $\geq 40$ мм) жауу ықтималдығы                                                 | Халық пен шаруашылық объектілері үшін потенциалды қауіп                        | Мемлекеттік басқару органдары мен халықты хабардар ету.                                                                      |
|   | Маусымдық қар сызығы жайғасуының, ауа температурасының, топырақ ылғалдылығының салыстырмалы түрде төмен мәндері; болжамды сұйық жауын-шашын мөлшері 15-29 мм (қатты жаңбыр)                                                | Ұзаққа созылатын сел түзуші қарқынды жауын-шашынның ( $\geq 40$ мм) жауу ықтималдығы                                                 | Төмен таулы аймақта селдің пайда болу аймағында адамдар үшін потенциалды қауіп | Мемлекеттік басқару органдарына және халыққа хабарлау.                                                                       |
|  | Төмен ауа температурасы, топырақтың ылғалдылығы, сұйық жауын-шашынның болмауы.                                                                                                                                             | Селдің қалыптасу жағдайлары жоқ                                                                                                      | Қауіптілік жоқ                                                                 | Сел қауіптілігі бар аймақта тәртіп ережелерін сақтау, «Абайлаңыз, сел қауіптілігі бар телім» ескерту қалқандарын назарға алу |

## **Сел қауіптілігінің белгілері және Сел қауіптілігі бар аймақта тәртіп ережелері**

Тауларға бару және онда болу жоспарланғанда, ауа райының өзгерістерін және дауылды ескертулерді бақылау қажет. Сел қауіпі туындаған жағдайда, сел қауіпі бар аймақта тәртіп ережелерін сақтау керек. Сел ағынының тереңдігі 40-50 м жетуі мүмкін (әсіресе арнаның бұрылыстарында), ағынның қозғалу жылдамдығы-5-10 м/с және одан жоғары (жекелеген жағдайларда 15-20 м/с дейін) болады. Егер адам сел ағынына түссе, өлімге алып келуі сөзсіз, сондықтан қауіпсіздік шараларын сақтау ерекше мәнге ие болады.

### **Қатты жауын-шашынның түсуінен туындаған сел қауіптілігінің белгілері**

- ✓ Өзендегі судың шығыны мен лайлылығының күрт артуы.
- ✓ Өзен арнасының жоғарғы бөлігінде балшық шаңы бұлтының және гүрілдің пайда болуы.
- ✓ Селге жақын жерде топырақ беткейін шайқау.

### **Сел қауіптілігі бар аймақта тәртіп ережелері**

- ✓ Өзен арнасына (жайылмасына), құрғақ арнаға және көл бөгетіне жақын жерде демалуға және шатырлы лагерь құруға болмайды.
- ✓ Бақылаушыны алға қойыңыз, сонда ол алда не болып жатқанын көреді және төнген қауіп туралы ескертеді, сонымен қатар өзеннен су алуға барғанда.
- ✓ Сұйық жауын-шашынның қарқынды түсуі және сел қауіптілігінің басқа да белгілері кезінде өзен арнасынан (жайылмасынан), құрғақ арнадан алыстау және аңғардың баурайы бойынша 40-50 м жоғары көтерілу.
- ✓ Сел өткен кезде одан өзен арнасының бойымен қашуға болмайды, аңғардың баурайы бойымен 40-50 м жоғары көтерілу керек (сел тасқынынан тастар ұшуы мүмкін).
- ✓ Тік жартастар мен тік беткейлердің астында тоқтамаңыз (топырақ беткейінің шайқалуынан, сел жақын жерде, құламалар мен тастың түсуі болуы мүмкін).
- ✓ Сел өткеннен кейін өзен арнасына түспеу, өйткені арнада сел қайта қалыптасу мүмкін.
- ✓ Сел жүріп өткеннен соң беткейлердің сырғуынан, үзілген немесе салбырап тұрған электр сымдарынан, бүлінген газ магистралынан абай болған жөн.

2025 жылғы «14» маусымға  
ҚР таулы аудандары бойынша ауа-райы болжамы

|                                    |                                                                                                                                                                                                                                                                                    |
|------------------------------------|------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|
| Іле Алатау                         | Кей жерлерде өткінші жаңбыр (1-14 мм), найзағай. Батыстан соғатын жел шығысқа ауысады, күші 9-14, кей уақытта екпіні 18-23 м/с.<br><b>2000 м:</b> ауа температурасы түнде 8-13, күндіз 15-20 градус жылы.<br><b>3000 м:</b> ауа температурасы түнде 5-10, күндіз 8-13 градус жылы. |
| Күнгей Алатау                      | Кей жерлерде өткінші жаңбыр (1-14 мм), найзағай. Батыстан соғатын жел шығысқа ауысады, күші 9-14, кей уақытта екпіні 18-23 м/с. Ауа температурасы түнде 10-15, күндіз 18-23 градус жылы.                                                                                           |
| Теріскей Алатау                    | Кей жерлерде өткінші жаңбыр (1-14 мм), найзағай. Батыстан соғатын жел шығысқа ауысады, күші 9-14, кей уақытта екпіні 18-23 м/с. Ауа температурасы түнде 8-13, күндіз 18-23 градус жылы.                                                                                            |
| Жетісу Алатау                      | Өткінші жаңбыр (1-10 мм), найзағай. Оңтүстік-батыстан жел соғады, күші 9-14 м/с.<br><b>2000 м:</b> ауа температурасы түнде 9-14, күндіз 23-28 градус жылы.<br><b>3000 м:</b> ауа температурасы түнде 4-9, күндіз 18-23 градус жылы.                                                |
| Қырғыз Алатау                      | Кей жерлерде өткінші жаңбыр (1-5 мм), найзағай. Оңтүстік-батыстан жел соғады, күші 9-14, кей жерлерде 15-20 м/с. Ауа температурасы түнде 12-17, күндіз 25-30 градус жылы.                                                                                                          |
| Талас Алатау<br>(Жамбыл облысы)    | Кей жерлерде өткінші жаңбыр (1-5 мм), найзағай. Оңтүстік-батыстан жел соғады, күші 9-14, кей жерлерде 15-20 м/с. Ауа температурасы түнде 12-17, күндіз 25-30 градус жылы.                                                                                                          |
| Талас Алатау<br>(Түркістан облысы) | Өткінші жаңбыр (1-4 мм), найзағай. Солтүстік-батыстан соғатын жел солтүстік-шығысқа ауысады, күші 8-13 м/с. Ауа температурасы түнде 10-15, күндіз 20-25 градус жылы.                                                                                                               |
| Өгем жотасы                        | Күндіз өткінші жаңбыр (1-4 мм), найзағай. Солтүстік-батыстан соғатын жел солтүстік-шығысқа ауысады, күші 8-13 м/с. Ауа температурасы түнде 12-17, күндіз 25-30 градус жылы.                                                                                                        |
| Маңғыстау таулары                  | Жауын-шашынсыз. Оңтүстік-шығыстан соғатын жел оңтүстік-батысқа ауысады, күші 9-14 м/с. Ауа температурасы түнде 20-25, күндіз 35-40 градус жылы.                                                                                                                                    |
| Сауыр                              | Жауын-шашынсыз. Оңтүстік-батыстан соғатын жел солтүстік-батысқа ауысады, күші 9-14 м/с. Ауа температурасы түнде 15-20, кей жерлерде 10, күндіз 27-32, кей жерлерде 22 градус жылы.                                                                                                 |
| Тарбағатай                         | Күндіз кей жерлерде өткінші жаңбыр (1-7 мм), найзағай, бұршақ. Оңтүстік-батыстан, батыстан жел соғады, күші 9-14, күндіз кей жерлерде 15-20 м/с. Ауа температурасы түнде 18-23, кей жерлерде 15, күндіз 32-37, кей жерлерде 29 градус жылы.                                        |
| Қазақстандық<br>Алтай              | Күндіз кей жерлерде өткінші жаңбыр (1-7 мм), найзағай, бұршақ. Оңтүстік-батыстан, батыстан жел соғады, күші 9-14, күндіз кей жерлерде 15-18 м/с. Ауа температурасы түнде 18-23, кей жерлерде 13, күндіз 30-35, кей жерлерде 25 градус жылы.                                        |

2025 жылғы "15-16" мамырға арналған  
ҚР таулы аумағы бойынша консультативтік болжам

**Алматы:** 15-16 маусымда өткінші жаңбыр (1-5 мм), найзағай. Ауа температурасы 15-16 маусымда түнде 8-13 градус жылы, 15 маусымда күндіз 19-24 градус жылы, 16 маусымда күндіз 21-26 градус жылы.

**Жетісу:** 15-16 маусымда өткінші жаңбыр (1-5 мм), найзағай. Ауа температурасы 15-16 маусымда түнде 12-17 градус жылы, күндіз 25-30 градус жылы.

**Жамбыл:** 15-16 маусымда өткінші жаңбыр (1-2 мм), найзағай. Ауа температурасы 15-16 маусымда түнде 13-18 градус жылы, күндіз 25-30 градус жылы.

**Түркістан:** 15-16 маусымда күндіз өткінші жаңбыр (1-3 мм), найзағай. Солтүстік-батыстан соғатын жел солтүстік-шығысқа ауысады, күші 8-13, екпіні 15-20 м/с. Ауа температурасы 15-16 маусымда түнде 11-16, күндіз 23-28 градус жылы.

**Маңғыстау:** 15 маусымда күндіз өткінші жаңбыр (1-3 мм), найзағай. 16 маусымда өткінші жаңбыр (1-3 мм), найзағай. Ауа температурасы 15-16 маусымда түнде 20-25 градус жылы, 15 маусымда күндіз 30-35 градус жылы, 16 маусымда күндіз 27-32 градус жылы.

**Абай:** 15-16 маусымда өткінші жаңбыр (1-10 мм), найзағай, күндіз бұршақ. Ауа температурасы 15-16 маусымда түнде 13-18 градус жылы, 15 маусымда күндіз 27-32 градус жылы, 16 маусымда күндіз 23-28 градус жылы.

**Шығыс Қазақстан:** 15 маусымда өткінші жаңбыр (1-10 мм), найзағай. 16 маусымда жаңбыр, кей уақыттарда қатты жаңбыр (1-16 мм), найзағай, күндіз бұршақ. Ауа температурасы 15-16 маусымда түнде 12-17 градус жылы, 15 маусымда күндіз 20-25 градус жылы, 16 маусымда күндіз 18-23 градус жылы.